

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ЖӘНЕ РЕСЕЙ ФЕДЕРАЦИЯСЫ МЕМЛЕКЕТТІК  
ШЕКАРАЛАРЫН ДЕЛИМИТАЦИЯЛАУ МЕН ДЕМАРКАЦИЯЛАУ**

**Панияз А.П.**

Қазақстан өзінің тәуелсіз мемлекет ретінде өмір сүруінің алғашқы күндерінен бастап өзінің халықаралық құқықтық нормаларын, принциптерін қатаң сақтайтынын жария етті. Президент Н.Ә. Назарбаев сыртқы саясаттың келесі бағыттарын айқындады: «Ең алдымен біз өзіміздің бейбітшілік саясат ұстанғанымызды ресми түрде жариялаймыз және әлемнің ешбір мемлекетіне аумақтық та-

лап қоймайтынымызды мәлімдейміз. Өзіміздің жауапкершілігімізді сезіне отырып, әрбір әскери қақтығыс қиын жағдайға әкеліп соғатынын түсіне отырып:

- Қазақстанның мемлекеттік саясатының басым бағыттағы мақсаты ретінде бейбітшілікті сақтау екенін мойындаймыз;

- соғысты немесе әскери күш қолдану қаупін саяси, экономикалық және басқа да

мақсаттарға жету жолы ретінде қолдануды жақтамаймыз;

- қалыптасқан шекаралардың біртұтастығын басқа мемлекеттердің ішкі істеріне араласпау принциптерін ұстанамыз».

Жоғарыда айтылғанға қарап біздің мемлекетіміздің шекаралық саясаты халықаралық құқықтың нормалары мен принциптеріне негізделеді деп атауға болады.

Қазақстан Республикасының Конституциясында Мемлекет өз аумағының тұтастығын, қол сұғылмауын және бөлінбеуін қамтамасыз етеді делінген [1].

«Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасы туралы» 1993 жылдың 13 қаңтардағы Заңында Қазақстан Республикасы аумақтық тұтастықтың және Мемлекеттік шекараға қол сұғылмайтындығының халықаралық принциптерін негізге ала отырып, мемлекеттік шекараны Қазақстан Республикасы егеменді құқықтарының бүкіл билігіне ие болатын аумақтық (құрғақ, су, жер қойнауы, әуе кеңістігінің) заң жүзінде баянды етілген кеңістігі шегін анықтайтын сызық ретінде қарастырады.

Сондай-ақ, Қазақстан Республикасының мемлекеттік шекарасын белгілеген және оның өтуін өзгерткен, Қазақстан Республикасының шекарадағы шектес мемлекеттермен құқылық қатынастар орнатқан және қолдап отырған, Қазақстан шекаралық аудандарындағы (су айдындарындағы) және Қазақстан аумағынан өтетін халықаралық жолдардағы құқық қатынастарын реттеген кезде Қазақстан Республикасының қауіпсіздігі мен халықаралық қауіпсіздікті қамтамасыз ету мақсаттарын, шектес мемлекеттермен өзара тиімді жан-жақты ынтымақтастық мүдделерін, шекара мәселелерін бейбіт, күш қолданбай шешу принциптерін басшылыққа алады.

Мемлекетаралық шекараның қалыптасу процесі екі кезеңнен тұрады.

Бірінші кезең – бұл шекараның делимитациялануы, яғни мемлекеттік шекараның сызықтарының өтуін келісімде нақты баяндаумен және осы сызықты картаға түсірумен анықталады.

Екінші кезең – бұл шекараның демаркациялануы, яғни шекараны жергілікті жерлерде белгілеу.

Әлемдік тәжірибеде демаркацияны өткізу үшін құрамына шектескен мемлекеттердің өкілдері кірген бірлескен комиссиялар құры-

лады. Осы комиссияның міндеті шекара сызықтарын арнайы белгілермен жергілікті жерлерде белгілеу, шекараның өту сызықтарының және шекаралық белгілердің орналасуы туралы баяндама құрастыру және де басқа нақтылайтын құжаттар дайындау болып табылады.

Жоғарыда аталған Заңның 5-тармағында Қазақстан Республикасының мемлекеттік шекарасының бекітілуін және өзгертілуін келесі жолмен анықтайды.

Құрғақта – жер бедерінің сипатты нүктелері мен сызықтары немесе анық көрінетін бағдарлар бойынша.

Теңізде – Қазақстан Республикасының аумақтық теңізінің сыртқы шегі бойынша.

Өзендерде (бұлақтарда) – олардың орта тұсы бойынша немесе өзінің негізгі аңғарының орта тұсы бойынша.

Өзге де су қоймаларында – Қазақстан Республикасы мемлекеттік шекарасының су қоймасының жағасына шығатын тұсын біріктіретін тура сызық бойынша белгіленеді [2].

Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясы арасындағы 1992 жылдың 25 мамырдағы достық, ынтымақтастық және өзара көмек туралы келісімнің 10 тармағында және Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясы арасындағы 1998 жылдың 6 шілдедегі ХХІ жүзжылдыққа бағытталған мәңгі достық және одақтастық декларациясында Қазақстан Республикасы және Ресей Федерациясы өз қарым-қатынастарын кең көлемді ынтымақтастық пен екі жақты сенім, тәуелсіздік, егемендік, бар шекараның аумақтық тұтастығы мен беріктігін құрметтеу, дау-дамайды бейбіт жолмен реттеу күш қолданбау немесе сес көрсетпеу, теңдік және екі жақты пайда негізінде құрылады деп атап көрсетілген.

Шекараларды делимитациялау туралы келіссөздер – көп еңбекті және ұзақ мерзімді, саяси, экономикалық, заңды, географиялық, тарихи, мәдени, ұлттық және басқа да аспектілерді түп-тұғырымен есепке алуды талап ететін процесс.

Барлық мәселерді реттеуге қажет болған бес жарым жылдың ішінде келіссөздің 50 раунды өткізілді. Олардың ішінде 26-сы делегациялардың пленарлық отырысы, 13 жұмысшы топтар кездесуі және 11 тар форматты кездесу еді. Келіссөз процесінің осындай өнімділігі Қазақстан мен Ресейдің шекараларының бүкіл сызығын бір құжат шеңберінде болашаққа ешқандай шешілмеген мәселе қалдыр-

май реттеуге ұмтылысын көрсетті. Келісімге сай келіссөздер Астана, Мәскеу және Алматыда ғана емес, басқа да шекаралас 7 облыстардың орталығында өткізілді. Семейде және Ресейдің шекаралық аймақтарының Түмен және Новосібір қаласынан басқа 9 қаласында және де Санкт-Петербургте өткізілді.

Қазақстан–Ресей Мемлекеттік шекарасы делимитациясы жалпы бағытта батыстан шығысқа қарай жүргізілді, Каспий жағалауынан бастап, Қазақстан, Қытай және Ресей мемлекеттік шекараларының Алтай тауында түйіскен жерінде аяқталды. Бұл нүкте Қазақстан Республикасы Қытай Халық Республикасы және Ресей Федерациясы арасындағы 1999 жылдың 5 мамырдағы үш мемлекеттің мемлекеттік шекараларының түйісу нүктесін анықтау туралы Келісіммен бекітілді.

Делимитация процесі жүзінде екі жақтың кезекші карталарындағы және қосымша материалдардағы шекара сызығын салыстыру және келісуінде болып табылады. Әртүрлі нұсқаларды талқылау және өзара тиімді шешім шығарғаннан кейін қазіргі топогеографиялық 1:100000 карталарға шекаралық нүктелер мен шекаралық сызықтар түсірілді. Карта бойынша бағыты, ұзындығы және шекараның әр бөлігінің ерекшеліктерін көрсететін шекара сызықтарының баяндау мәтінінде, шекаралық нүктелерде бағыт белгілеу жобасы жасалды.

Қазақстан жағы Ресей жағының Огнеупорный кентін Ресей аумағында қалдыру туралы ұсынысын ұзақ та нақты қарастырды. Бұл кент бұрынғы әкімшілік-аумақтық шекараның бойында Қостанай облысының Қарабалық ауданының Челябині облысының Чесмен ауданымен шектескен жерде орналасқан.

Огнеупорный елді-мекені өткен ғасырдың 70 жылдарында отқа төзімді балшық карьерін өңдеу барысында жұмысшы кенті ретінде құрылған. Карьер оны игерген кезден бастап Магнитогорск металлургиялық комбинатында жалдамалы жағдайда пайдаланылады. Соңғы жалдау туралы келісім Қостанай облысының Қарабалық аудандық әкімшілігімен Магнитогорск металлургиялық комбинат арасында 1993 жылы 40 жылға жасалды. Келісімге сай жергілікті бюджетке қомақты жалдау ақысы төленді. Кенттің халқы 685 адамды құрайды және олардың барлығы да Ресей Федерациясының азаматтары болып табылады. Осы кенттің инфрақұрылымы (су, газ, электр

энергия, мектеп, медициналық қызмет көрсету, дүкендер т.б.) толығымен Магнитогорск металлургиялық комбинатының қарамағында тұр.

Ресей жағы осы учасокте Огнеупорный кенті қарамағындағы жерлермен (520 гектар) Ресейдің құрамына беру туралы, осыған байланысты Қазақстанға компенсация ретінде жер көлемі тең аталған кенттің оңтүстігінен егістік жерлер беру туралы ұсыныс жасады. Айырбас жасауға ұсынылған учаскелер отқа төзімді саз балшықтар карьеріне қатысы жоқ, ол бұрынғыша Ресей жағының жалдауында пайдаланылды. Қазақстандық геологтардың бағалауынша кент астындағы балшықтың сапасы төмен және өндірушілік қызығушылық туғызбайды. Екі делегацияның, Қостанай мен Челябині облыстарының әкімшілігінің өкілдері, Қарабалық ауданының әкімі және Магнитогорск металлургиялық комбинатының жетекшілерінің сапары барысында Огнеупорный кентінде болып, кент тұрғындарымен және әкімшілік өкілдерімен кездесті. Кент тұрғындары Ресей Федерациясы аумағында тұрғысы келетінін айтып, осы кентті Челябині облысының құрамына беру туралы мәселені дұрыс қарастыру туралы өтінді.

Қазақстандық делегацияда өткізілген жұмыстары нәтижесінде Қостанай облысы және Қарабалық ауданының басшыларымен келіскен жер учаскелерін компенсациямен айырбастау мүмкіндігі туралы пікір пайда болды. Алайда, Қазақстан жағы Ресей жағынан компенсация ретінде берілген тең көлемді, Огнеупорный кентінің оңтүстігінде орналасқан учасокті қабыл алмады. Қазақстан жағы Қостанай облысының құрамына Қостанай облысының Қарабалық ауданының Челябині облысының Троицк ауданының шектескен жерінде Курск және Варваринка елді мекендерінің аумағында орналасқан учасокті беруін сұрады.

Бұл учасоктің аумағы 520 гектар құрады, оның 80 пайызы егіс жерлері, қалғаны жайылма, шабындық бұталы ойпат жерлер. Осы учасок Тоғызак өзенінің оң жақ жағалауында орналасқан және Ресей аумағынан осы өзеннің саласымен бөлінген. Осы учасоктің аумағынан Қазақстан кенттері мен Курск және Иван-город кенттерін қосатын автожол, байланыс және электр сымдары өтеді. Ресей жағына шекараны Тоғызак өзенінің саласына көшіруді бүкіл учасок автожол бө-

лігімен және коммуникацияларымен Қазақстанға өтсін деген мақсатпен ұсынылды.

Ақыры екі жақтың дәлелдемесін қарастырып, әр деңгейдегі қолайлы шешімдер жасап, мемлекеттер үкіметінің делегациялары аумағы 520 гектар жер учаскелерін айырбастауға келісті. Нәтижесінде Курск–Варваринка аумағында Қазақстан–Ресей мемлекеттік шекара сызығы Тоғызак өзенінің саласымен өтетін автожол және коммуникациялар Қазақстан жерінде қалады, ал Огнеупорный кентіндегі бейіттер мен бақшалар Ресей аумағында орналасады, дегенмен отқа төзімді балшықтар карьері Қазақстан аумағында қалды [3].

Қазақстан мен Ресей басшыларының 2004 жылдың қазан айында Астана қаласындағы кездесуі барысында қазақстан-ресей мемлекеттік шекараларын делимитациялау процесі және мемлекеттік шекара туралы келісімнің қол қоюын шегеріп тұрған мәселелерді шешу жолдары сөз етілді. Қазақстан мен Ресей Үкіметінің басшылары кездесуінде қол жеткізілген келісімдер делегацияларға картаға шекара сызықтарын түсіруді бастауға және шекара сызықтарының өтуін баяндайтын жобаның дайындығын аяқтауына мүмкіндік берді. Осы жұмыс үкіметтік делегациялардың 2005 жылдың қаңтарында Қазақстан Республикасы Президенті Н.Ә. Назарбаевтың Ресей Федерациясындағы іссапарында Мәскеуде өткен 26 пленарлық отырысында аяқталды.

Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясы арасындағы қазақстан-ресей мемлекеттік шекарасы туралы келісімнің жобасын дайындауы делегациялармен қатар жүзеге асты, сондай-ақ қазақ және орыс тіліндегі мемлекеттік шекараның сызықтары өту жайында баяндама мәтінінің 200 бетін салыстыру және түзету жөнінде жұмыс жүргізілді.

Келісімнің ажырамайтын бөлігі болып екі жақ басып шығарған 1:10000 масштабты мемлекеттік шекаралар картасының арнайы альбомына кіргізілген топографиялық карталар (206 парақ) болып табылатыны айтылды.

Қазақстан-ресей мемлекеттік шекарасының демаркациясы да жоспарланып, яғни оларды өз жерлерінде шекаралық белгілермен белгілеу айтылды. Осы мақсатпен Келісімнің 5 тармағында өз жерлерінде мемлекеттік шекараны бекіту және белгілеу үшін екі жақ тең негізде бірлескен қазақстан-ресейлік демаркациялық комиссия құрады деген ереже жазылған. Осы құжаттың 6–7 тармағында өте ма-

ңызды ережелер қарастырылған. Пайдалы қазба кен орындарын дамытуға байланысты мәселелер, инженерлік құрылыстар, коммуникация және тағы да басқа инфрақұрылымдарды мемлекеттік шекарамен қилысатын немесе шекарамен өтетін объектілерді пайдалану туралы, биологиялық ресурстарды сақтау және пайдалану, суды пайдалану және табиғи ортаны қорғау мәселелері жеке келісімдермен реттеледі, сондай-ақ жеке келісімдермен екі жақтың арасында мемлекеттік шекара тәртібі анықталады деп ерекше белгіленген [4].

Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясы арасындағы қазақстан-ресей мемлекеттік шекарасы туралы келісімге екі ел басшыларының қол қоюы 2005 жылдың 18 қаңтарда Мәскеуде Кремльде болды. Баспасөзге қазақстан-ресей келіссөздерінің нәтижесін жариялағанда Қазақстан Республикасы Президенті Н.Ә. Назарбаев былай деп мәлімдеді: «Біз бүгін аса үлкен тарихи оқиғаның куәсі болып отырмыз. Өйткені қадым замандардан қазақ-орыс елдері арасында шекара бірінші рет заңды түрде тартылып отыр. Келісім әлемдегі ең ұзын құрлықтағы шекара сызығын анықтайды. Оның жалпы ұзындығы 7591 шақырымды құрайды. Бұл шекара біздің халықты және елді бөлмейді, керісінше біріктіреді. Бұл достық пен тату көршіліктің шекарасы. Біз Қазақстанда делимитация туралы келісімді біздің мемлекеттеріміздің арасындағы келісім және біздің халықтарымыздың арасындағы берік достықтың белгісі деп бағалаймыз. Сіздер білетіндей бұл жұмыс екі ел Президентінің 1998 жылдың 6 маусымдағы бірлескен мәлімдемесінен және 1998 жылдың 12 желтоқсандағы мемлекеттік шекараны делимитациялау туралы хаттамасынан басталды. Бұл өте күделі еңбектің осынша қысқа мерзімде біткені. Мен, ең алдымен Ресей Президентіне, барлық мамандар мен сарапшыларға, екі елдің сыртқы саяси ведомстволарына осы мақсатқа бізді күн санап жақындатқаны үшін алғыс білдіргім келеді. Бізде – Қазақстан мен Ресейде-ортақ тарих. Біз қуаныш пен қайғыны бірге бастан кештік, соңғы нанды біре бөліп жедік. XX ғасырдың ең сұрапыл соғысын да бірге жеңіп шықтық. Біз баяғыша бір-бірімізбен рухани жағынан жақынбыз. Біздің бауырлас халықтардың өмірін тұрақты және өркенді қылуға ұмтылысымыз бір. Сондықтан біздің арамызда барлық маңызды мәселелерге деген толық түсіністік, біздің ортақ болашағымызға деген

сеніміміз бір. Мен осыны Қазақстанның да, Ресейдің де тұрақтылығы мен өркендеуінің кепілі деп білемін. Шекараны белгілеу шарасы Ресей үшін де тарихи оқиға деп ойлаймын, өйткені бұған дейін империялық Ресей деген идеология енді түп-тамырымен жойылып, халықтар арасындағы сенімді бекіте алады».

Қол қою рәсімінен кейін сөз алған В.Путин былай деді: «Жаңа ғана біз мемлекеттік шекара туралы шартқа қол қойдық. Екі жақты қарым-қатынастың келешегі үшін бұл аса үлкен табыс. Аталған тарихи шешім елдеріміз арасында тең құқықты және өзара тиімді байланыстарды өрістетуге және бауырлас халықтардың игілігі мен келешегі үшін қызмет етпек. Бұл – Ресейдің Қазақстан егемендігіне құрметпен қарауының айғағы. Шынайы достықтың үлгісін көрсететін бұл шартқа ұзақ жылғы, қажырлы еңбектің арқасында қол жеткізілді. Шекараны белгілеуде, әрине, даулы тұстары да кездесіп отырды. Соның бірі ретінде Имаш газконденсаттық кеніші аумағын айтуға болады. Біз өзара түсініктің арқасында аумақты және кенішті тең бөлу туралы уағдаластық», – деді [5].

Есте қаларлығы, келісімнің заң жобаларын бекітуін қарастыру екі мемлекеттің заң шығарушы органдарында 2005 жылдың 2 желтоқсанда Қазақстанда да Ресейде де қатар өтіп, келісімді бекіту туралы заңдар синхронды қабылданды. Ресей Федерациясының Президенті В. Путиннің Қазақстан Республикасы сапары барысында, 2006 жылдың 12 қаңтарында бекіту грамоталарын айырбастау рәсімі

болды. Осы күні аталған тарихи құжат өз күшіне енді.

Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясы арасындағы қазақстан-ресей мемлекеттік шекарасы туралы Келісімнің күшіне енгенін Қазақстан Республикасының халықаралық құқықтық шекараларын ресімдеуін дәуірлік оқиға деп атауға болады, өйткені осы оқиға мемлекеттік аумақтың, мемлекет өмір сүруінің негізгі жағдайының қалыптасқанын анық айтуға мүмкіндік береді.

#### ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

- 1 Қазақстан Республикасының Конституциясы. – Алматы, 2005.
- 2 Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасы туралы Заңы. – Алматы, 1993.
- 3 Токаев К.К. Правда о государственной границе Республики Казахстан. – Алматы, 2006.
- 4 Хасенов Е. Шекара мәселесі оңтайлы шешілді // Қостанай таңы. 26 қаңтар. 2005.
- 5 Тұрапбайұлы А. Шекарамыз шегінделді // Егемен Қазақстан. 18 қараша. 2005.

#### *Резюме*

*В этой статье рассматривается обозначение пограничной черты, формирование и изменение государственной границы между Республикой Казахстан и Российской Федерацией, а также законное оформление границ между двумя странами.*

#### *Conclusion*

*The marking of the border line, the formation and change of the state border between the Republic of Kazakhstan and the Russian Federation are considered in the article. Also legitimate decoration of borders between the two countries is considered.*